

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№58

2021 жылғы 11 тамыз

**Ақтөбе облысы бойынша Тексеру
комиссиясының төрағасы мен
мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану және
қараудың кейбір мәселелері туралы**

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіптік жазаларды қарау және қолдану мерзімдерін сақтау мақсатында және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 2-1-тармағына, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 Заңының 47-бабының 2 және 3-тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 44-бабының 8-тармағымен және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану Қағидаларына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Облыстық мәслихаттың хатшысына Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне тәртіптік комиссия құру, қызметтік тексеру тағайындау және тәртіптік жаза қолдану жөніндегі өкілеттіктерді беру.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А.НУГМАНОВ